



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ничего делать, чем делать вид, что владеешь знанием и действовать безрассудно». Здесь мы имеем дело с переводом той же стратагемы в книжном стиле.

Что касается типологии афоризмов, то здесь мы решили разбить список стратагем на тематические группы. Как пишет В. Савин: «Крайне интересным является вопрос о классификации 36 стратагем. Из анализа метода классификации можно также почерпнуть кое-что о типологии китайского образа мышления. В простом перечислении стратагем с первой по тридцать шестую уже можно выделить 6 тематических групп по 6 стратагем в каждой:

Стратагемы более сильного (победителя) (勝戰計)

Стратагемы равных сил (конфликта) (敵戰計)

Стратагемы атакующего (прямой атаки) (攻戰計)

Стратагемы запутывания противника (хаоса) (混戰計)

Стратагемы достижения преимущества (並戰計)

Стратагемы безвыходных ситуаций (敗戰計)

Знание и применение всех названных аспектов афоризмов необходимо нам, без него, не могло и не может получиться красивого и уместного перевода. Ведь от того, как переводчик способен передать смысл стилистических единиц зависит перевод оригинала. Интерпретация использованных в афоризме троп на другой язык требует умения различать множество таких аспектов крылатых выражений, как их лексический, семантический состав, их тематику и настроение. Экспрессия при переводе придает большую выразительность исходному тексту. Закономерно, что для литературоведов, языковедов, культурологов и философов главные и наиболее интересные проблемы связаны с художественным переводом, переводом художественной речи. К средствам выражения экспрессии относятся: метафора, метонимия, сравнение, аллюзии, цитаты, крылатые выражения, пословицы и поговорки. При переводе сложнее всего переводчику удастся перевод таких стилистических фигур речи, как метафора, эпитеты, сравнения, пословицы и т. п. Конечно, переводчик может осуществлять перевод, и не обращая внимания на них, но в результате он получит «сухой» перевод.

Список использованных источников

1. Федоренко Н.Т., Сокольская Л.И. Афористика. М., 1990 - 416 с.
2. Тимофеев, Л. И. Краткий словарь литературоведческих терминов: пособие для учащихся средней школы / Л. И. Тимофеев, М. П. Венгеров. – 4-е изд., испр. и доп. - М.: Учпедгиз, 1963. – 192 с.
3. Прозоров, В. Г. Основы теории и практики перевода с английского языка на русский. М., 1998. – 16 с.
4. Краткая литературная энциклопедия, в 9 тт., М., Советская энциклопедия, 1978, т. 9, С. 82-85.
5. Савин В. 36 стратагем. Китайская азбука конфликтного управления [Электронный ресурс] // Русский журнал. – 2001. – 29 октября. <http://www.nbu.gov.ua/polit/01rzhstr.htm>
6. Бреева, Л. В. Лексико-стилистические трансформации при переводе. М.: 1999. – 240 с.
7. Зенгер Х. фон. Стратагемы. О китайском искусстве жить и выживать. – М.: Эксмо, 2004. – 512 с.

УДК 347.78.034

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Дүйсенғалиқызы Жансая

zhans_d@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Л.Б. Қиманова

Бүгінгі таңда аударматануда аудиовизуалды аударма, соның ішінде шетелдік анимациялық фильмдер, фильмдерді аудару өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, қазіргі жаһандану және ықпалдастық үдерістерінің елімізде белең алған уақытында, отандық видео нарығының көп бөлігін шетелдік фильмдер мен анимациялық фильмдер орын алады. Сонымен қатар, қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін отандық қазақ тіліндегі фильмдерді түсіру, шетелдік өнімдерді, әсіресе әлемдік кинонарықты жаулап алған, жылдың асыға күтетін премьераларын қазақ тіліне аудару өріс алып келеді. Аударматану саласы және отандық кино индустриясында енді дамып, маңызды болып танылатын анимациялық фильмдерді аудару мәселесі мақалада қарастырылады.

Киноаударма шамамен XX ғасырдың басында пайда болды және кино аудармасына қатысты санаулы еңбектер ғана бар. Кино аудармасы терминінің астарында анимациялық фильмдер, сериалдар және көркем фильмдер аудармасы да жатады. Анимациялық фильмдердің аудармасы аудиовизуалды аудармаға да жатқызуға болады. А.Чиаро бойынша аудиовизуалды аударма медиа аудармасы, мультимедиа аудармасы, мультимодальды аударма, экран аударманы қамтитын термин. Бұл терминдер визуалды және акустикалық түрде қабылданатын вербалды тілді аударуды білдіреді [1, 141].

Дегенмен, Грант, Сото, Канелла сияқты ғалымдар, балаларға арналған фильмдер және анимациялық фильмдерді жеке жанр ретінде қарастырады. Ал Стэйгер мен Гонлетт зерттеулері балалардың фильмдерді түсіну мен қабылдауына бағытталып, балалар тілі мен олармен қарым-қатынасы сияқты кейбір аспектілерін қамтыған.

Аудиовизуалды аудармада анимациялық фильмдер немесе балаларға арналған фильмдерді аударудың нақты жүйелі анықтамасы мен ерекшеліктері көрсетілмеген, сол себепті балалар тілінің жалпы көрінісін анықтау үшін әдебиет, аударма теориясы және психология салаларының теорияларын қолданамыз. Аударма теориясында ғалымдардың (Эвен Зохар [2, 117-127] , З. Шавит [2, 83-98], М. Фишер [3, 41-62]) айтқанына сүйенсек, балалар әдебиетін аударуда аудармашы еркіндікке ие және шектеулері де баршылық, осы жағдай анимациялық фильмдерді аудару да сәйкес келеді. З. Шавит айтқанына сүйенсек, аудармашы балалар әдебиетін аударуда мәтін аясында балаға лайықты және пайдалы болатын , сол қоғамда балалар үшін жақсы деп танылатын түсініктерге сәйкес ету мақсатында көптеген өзгертулер енгізуге мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, аудармашы оқиға желісі, балалар тілінің ерекшеліктері мен түсіну-оқу мүмкіндіктерін есепке ала отырып аударды [4, 171-172].

Аударма теориясы аясында балалар әдебиеті қысқа және жай сөйлемдер, төл сөз, эллиптикалық сөйлемдердің болуымен сипатталады. М. Фишер балаларға арналған аудармада қолданылатын басты стратегиялар қатарына генерализация, қайталау, экспликация және жеңілдетуді жатқызады.

Психология саласында А.Эллиот балалар фильмі мен анимациялық фильмдердің лингвистикалық ерекшеліктерін көрсетеді:

1. Паралингвистикалық (жоғары интонация, дауыс ырғағы)
2. Синтактикалық (қысқа мысалдар, етістік формалары, бағыныңқы сөйлемдер аз қолдануы, етістіксіз мысалдар)
3. Дискурстық (сұраулы және бұйрықты сөйлемдер, қайталанулардың көп кездесуі [151-152].

Анимациялық фильмдерді аудару үдерісі фильмдерді аудару үдерісінен қарағанда көбірек шығармашылықты талап етеді. Аударманы түпнұсқа мәтінді басқа мәдениетке

жеткізуді мақсат ететін «қайта жазудың» бір түрі. Бұл түсінік анимациялық фильмдер аудармасында аударма тіл мәдениетінің құндылықтары мен канондарын сәйкес, дубляждау және аударылатын тілдің ерекшеліктерін ескере қолданылады.

Аудиовизуалды аударманы аударуға лингвисттердің ортақ келісілген нақты классификациясы жоқ, сол себептен авторлар классификацияларының терминологиясы мен мазмұндары әртүрлі. Солардың бірі Д. Мандей аудиовизуалды аударманың келесі категорияларын ұсынады:

1. Интерлингвалық субтитрлеу: субтитрлердің көптеген түрлері фильм индустриясында қолданады. Бұл субтитрлер ашық және жабық болуына байланысты, фильмнен жеке алынатын немесе ажырамас субтитрлер болады.

2. Билингвалық субтитрлеу: бір уақытта екі тілде көрсетілетін субтитрлер түрі.

3. Интралингвалық субтитрлерлеу: есту кемістігі бар адамдарға арналған.

4. Дубляждау: түпнұсқа тіл толығымен аударма тілдегі аудиожазбамен алмастырылады.

5. Кадрдың ар жағындағы дауыс: көбінесе сұхбаттар мен деректі фильмдерде қолданылады және ерін синхронизациясы үлкен маңызға ие емес.

Балалар аудиториясына анимациялық фильмдерді аударуда дубляждаудың кең қолданысқа ие екені сөзсіз, дегенмен кейбір мемлекеттерде субтитрлеу танымал. Десек те, Х. Готлиб тіпті субтитрлеу танымал мемлекеттерде балаларға арналған бағдарламалардың көбісі дубляждау арқылы жүзеге асатынын айтты. Себебі, балалар субтитрлерді оқымайды және олар оқиға желісіне, іс-қимылға көбірек мән береді [6, 83].

Аударма дубляждау үдерісінің ең бір маңызды саласы. Г. Люйкен бойынша дубляждау дыбысты түпнұсқа тілдегі диалогпен уақыт, ерін қимылымен сәйкес аударылған аудиожазбамен алмастыру [7, 141]. П. Ореро киноаударма да аудармашының жұмысы соңғы өнім емес, медиа талаптарына мен қажеттіліктеріне сәйкес бейімделетін алғашқы нұсқасы екенін айтты [8, 7]. Дубляждауда аударылған мәтін сол тілдің мәдениетіне барынша бейімдеу, актердің ерін қимылына синхронизациялау үшін көптеген өзгерістерді қажет етеді.

Субтитрлеу аудиовизуалды аудармада қолданылатын басты аудару әдістерінің бірі, көбінесе теледидар бағд-арламалары мен фильмдер аударуда кең қолданысқа ие. Субтитрлеуді 1903 жылы үнсіз фильмдерде экранның астыңғы бөлігінде шығатын мәтін ретінде венгерліктер ойлап тапқан. Субтитрлеу интерлингвалық және интралингвалық болады. Готлиб субтитрлеудің лингвистикалық және техникалық түрлерін анықтады:

Лингвистикалық:

1. Интралингвалық субтитрлеу - бір тілдің аясында құлақ кемістігі бар, тіл үйреніп жүрген адамдар үшін субтитрлеу.

2. Интерлингвалық субтитрлеу бір тілден екінші тілге субтитрлеу.

Техникалық:

1. Ашық субтитрлеу түпнұсқа фильммен немесе телевизиялық нұсқасымен бірге болады

2. Жабық субтитрлеу фильмнен бөлек болады [9, 54].

Аударма бір тілдегі бейнеленген мазмұнды екінші тілдегі баламасымен беру үдерісі. Кәсіби аудармашылар анимациялық фильмдер, балаларға арналған фильмдерді аудару үшін көптеген стратегияларды қолданады. Д. Педерсон Subtitling norms for Television атты еңбегінде бірнеше зерттеушілердің (Ньюмарк, Готлиб) таксономияларын салыстырып, келесі таксономияны ұсынады [10, 159-169]:

Транскрипция-транслитерация: түпнұсқа тілдегі элементтерді аударма тілде өзгеріссіз қалдыру немесе сол тілдің талаптарына сай бейімдеу.

00:15:13,960 --> 00:15:16,088

Those include the roar's resonance.

Оған себеп болатын нәрсе, ол дегенің айғайдың резонансы

00:23:16,916 --> 00:23:19,476

A Volkswagen Karmann Ghia has no radiator.

Volkswagen Karmann Ghia-да радиатор болмайды.

Толықтыру: тыңдаушыға түсінікті ету мақсатында қосымша ақпарат қосу, яғни тілдің аударылмайтын элементтерін қосымша ақпарат беру немесе толықтыру арқылы жеткізу. Толықтыру әдетте көзге түспейтін, акронимдер мен аббревиацияларды толық беру, адамның аты-жөнін толық айту сияқты ақпараттармен сипатталады. Ал қосымша ақпарат қосу меронимдер, гипонимдер немесе көп мағыналы сөздер негізінде болады.

00:01:52,363 --> 00:01:54,949

- Fergus, no **weapons** on the table.

- Фергус үстелге **садақты** қойма.

00:04:37,862 --> 00:04:41,699

- Others say fate is woven together

like a cloth. So that one's destiny intertwines with many others.

- Ал басқалар, тағдырымыз бір-бірімізбен байланысты дейді, яғни сенің өмірің басқалармен **жін сияқты** шырмалып жатыр .

00:12:11,148 --> 00:12:13,984

- What?

- The **clans** have accepted

- He?

- **Тайна көсемдері** келісім берді

00:02:26,160 --> 00:02:28,811

- Welcome to the **Scare Floor**.

- Қош келдіңдер, мынау **үрей бөліміне**

Сөзбе-сөз аударма немесе тура аударма: аудармада еш семантикалық өзгеріссіз тек тіл өзгереді. Бұл стратегия көбіне жалқы есімдер аудару барысында қолданылады. Мысалы: компаниялар аттары, ресми институттар, техникалық гаджеттер. Виней мен Дарбелненің калька және сөзбе –сөз аударма деп аталатын екі стратегиясында қамтиды.

00:10:24,458 --> 00:10:26,460

- I climbed the Crown's Tooth, and drank from the **Fire Falls**.

- Патша жартасындағы **отты сарқырамадан** су іштім

00:03:51,320 --> 00:03:53,084

- Don't cross over that **safety line**.

- Упс тоқта! **Қауіпсіздік сызығынан** аттама

00:07:13,080 --> 00:07:14,684

- **Monsters University!**

- **Монстрлар университеті**

Генерализация тіл элементтерінің аударылған тілге мағынасының жалпылануы. Бұл екі жолмен іске асады: гипонимдер мен меронимдер арқылы және жалпылама атауымен алмастыру немесе холонимдер арқылы. Сонымен қатар генерализация парафраз арқылы берілу мүмкін, яғни ұзағырық азды-көпті синондес мағынасы бар сөйлемдермен алмастырылады.

00:03:47,812 --> 00:03:50,815

- Come on, let's be off before we see a dancing **Tatty Bogle. Or a giant having a jig** in the bluebells.

- Ахахахай немесе жебеңе, болды енді кетейік, әйтпесе бұл жерде **құбыжықтар** көп. Екі ортада бір пәлеге тап болармыз, құрысын.

00:05:13,564 --> 00:05:14,899

- The story of how my father lost his leg to the demon **bear Mor'du** became legend.

- **Құбыжық аюдың** әкемнің аяғын жұлып алғаны аңызға айналып кетті.

00:53:29,791 --> 00:53:31,292

- They're **nightshade berries**.

- Бұл жабайы жидектер

Орыналмастыру: аударатынын сөз немесе сөйлем мүлде бөлек, бірақ аударма тіл мәдениетіне таныс сөздермен алмастырылады

00:02:13,593 --> 00:02:16,179

- Draw all the way back now to your cheek.

- Нысанаға қара да, бар күшіңмен ат

00:02:17,472 --> 00:02:19,474

- Keep both eyes open.

- Дәл ортасын көзде.

00:05:24,575 --> 00:05:26,953

- *Wee devils, more like.*

- *Өздері сондай бұзық*

Элиминация: аудиовизуалды аудармада, дубляждау немесе субтитрлеу барысында уақыт шектеулігіне байланысты кеңінен қолданылатын стратегия, яғни ақпаратты түсіру.

00:02:05,293 --> 00:02:07,628

- Happy birthday, my wee darling!

- Туған күніңмен кішкентайым менің

01:04:54,016 --> 01:04:56,560

- We will not stand for any more of this jiggery-pokery.

- Доғарыңдар!

00:03:15,440 --> 00:03:18,011

- *Well, hey there, kids.* Are you on a tour with *your school?*

- *Қалайсыңдар!* Экскурсияға келдіңдер ма?

Эквиваленттік аударма: аударма тілге белгілі көпшілік қолданыстағы ресми эквивалентін қолдану

00:01:33,636 --> 00:01:36,681

- Where are you, you little rascal?

- Бәрібір ол кішкентай ментекмі тауып алам

03:30,545 --> 00:03:33,339

- Merida, come along, *sweetheart.*

- Мерида, бол тез, жаным!

00:41:39,707 --> 00:41:41,709

- *And keep a sharp eye.*

- *Өте сақ болыңдар!*

Анимациялық фильмдерді аудару үдерісі фильмдері аударудан қарағанда, көбірек шығармашылықты қажет етеді, яғни аударма мәдениет аудиториясының идеологиясы, балалардың ерекшеліктері, дубляждау талаптарына сай аудару қажет. Сонымен қатар, ересектерге арналған фильмдерден айырмашылығы анимациялық фильмдердің тәлімдік қызмет атқарады, тәрбиелік мәні бар немесе қандайда бір құндылықтарды насихаттайды.

Қолданылған әдебиет

1. Chiaro D. (Ed.) Issues in Audiovisual Translation. New York. 2009. p. 141.
2. Even-Zohar I. The Position of Translated Literature within the Literary Polysystem. 1978. p. 117-127.
3. Shavit Z. The Double Attribution of Texts for Children and How It Affects Writing for Children. New York. 1999. p. 83-98.
4. Fischer M. Historias de Franz a ambos lados del Atlantico. La oralidad fingida en la literatura infantil. Berlin. 2010. p. 171-172
5. Shavit, Zohar I. Poetics of Children's Literature. Athens/London. 1986. p. 171-172.
6. Elliot A. Child Language. Cambridge. 1981. p. 151-152.
7. Gottlieb H. Language-political Implications of Subtitling. In Pillar Orero (ed.) Topics in Audiovisual Translation. Amsterdam. 2004. p. 83.

8. Luyken G. Overcoming Language Barriers in Television. Manchester.1991. p.141.
9. Orero, P. *Topics in Audiovisual translation*. 2004. p. 7.
10. Gottlieb H. Subtitles, translation & idioms. Copenhagen.1997.p. 54
11. Pederson J. Subtitling Norms for Television. Amsterdam.2011.p. 159-169.

УДК 347.78.034

САЯСИ ДИСКУРС АУДАРМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Егизбаева Лаззат Ержановна

lll_86@mail.ru

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті
Гуманитарлық ғылымның магистрі, ағылшын тілі пәні оқытушысы

Аударма үрдісі дегеніміз аударма мәтінін жасағандағы аудармашының іс-әрекеттері. Аударма үрдісі ең аз дегенде екі сатыдан тұрады: аудармашының түпнұсқа мазмұнын түсіну және аударма вариантын таңдау. Осы сатылар нәтижесінде түпнұсқа мәтіні аударма мәтініне ауысады. Алайда бұл кезде аудармашы интуицияға бағынып, бұл не басқа вариантты таңдағанда неге басшылық етіп аударғанын да аңғармайды. Бірақ бұл таңдау толығымен кездейсоқ деп айту да дұрыс емес. Ол көп жағдайда түпнұсқа мен аударма тілдерінде ақпаратты құру тәсілдерімен айқындалады [1, 27].

Аударма үрдісінің операциялық бейнелеуінде аударма үрдісінің жалпы кестесі емес, белгілі типтес түпнұсқа тілі бірліктерінің мағынасын бергенде қолданылатын аудару тәсілдері; тек түпнұсқа тілінде не аударма тілінде емес, олардың арасындағы әр тілді бірліктердің өзгерілуі арқылы аударма үрдісін суреттеу, яғни осылардың барлығы түпнұсқадан аудармаға еш аралық сатысыз толық көшуді білдіреді.

Түпнұсқа бірлігінен аударма бірлігіне берілген мағынада ауысуды қамтамасыз ететін құрылымдық өзгертулер аударма трансформациялары деп аталады.

Түпнұсқа және аударма тілінің түрлі бірліктері арқылы аударма үрдісіне түсетін:

1. Лексикалық трансформациялар:

- аудармашылық транскрипция және транслитерация
- калькілеу
- лексикалық-семантикалық ауыстырулар
- конкретизация (нақтылау)
- генерализация (жалпылау)
- модуляция (мағынаны өрбіту)

Транскрипция және транслитерация дегеніміз түпнұсқаның лексикалық бірліктерін оның формасын аударма тілінің әріптері арқылы құрып аудару тәсілдері.

Транскрипция тәсілінде шет тілінің дыбыстық формасы, ал транслитерацияда оның графикалық формасы (әріптік құрам) құрылады. Қазіргі заманғы аударма тәжірибесінде ең қолданбалы тәсіл – транслитерацияның кейбір элементтері сақталған транскрипция.

Тілдің фонетикалық және графикалық жүйесінде зор айырмашылықтар болғандықтан, түпнұсқа тіліндегі сөздің формасын аударма тілінде берілуі көбіне шартты және жақындатылып келеді: *absurdist* – *абсурдист*, *kleptocracy* – *клентократия* (ұрылар ақсүйектері), *skateboarding* – *скейтбординг*. Қазақ-ағылшын аудармаларында транскрипция ішінде транслитерация элементтері кездеседі, әсіресе кейбір айтылмайтын дауыссыз дыбыстарды беру (*Dorset* – *Дорсет*, *Campbell* – *Кэмпбелл*), дауысты дыбыстар арасында және дауысты дыбыстардан кейін сөздің аяғында қосарланған дауыссыз дыбыстар болу (*Bonners Ferry* – *Боннерс Фэрри*, *boss* – *босс*), орфографияның кей заңдылықтарын сақтай отырып, танымал мысалдардың дыбыстарына жақындатып аудару (*Hercules missile* – *ракета «Геркулес»*, *deescalation* – *деэскалация*, *Columbia* – *Колумбия*). Тарихи тұлғалар мен кейбір географиялық атауларды аударғанда дәстүрлі ерекшеліктер аңғарылады (*Charles I* – *Карл I*,